

ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ ТАМАҚПЕН
ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ МҮШЕЛЕРІНІҢ
ОТЫРЫСЫНЫҢ

№8 ХАТТАМАСЫ

Күні: 11.04.2024ж

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – Кожаметова Г.Б
2. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары – Изтаева С.М
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Изтаева С.М
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Мунбаев С.
5. Әлеуметтік педагог, мүше – Мүлікова И.Р
Аккалиева Г.Е.
6. Кәсіподақ төрайымы, мүше – Мухтарова Ж.З
7. Медбике – Сембиева А

Барлығы: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау.

2. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

1. Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Изтаева С.М. Жалпыға бірдей білім беру қорынан аталған санаттағы оқушыларды ыстық тамақ және қоғамдық тамақтандырумен қамтамасыз етуге байланысты жұмыстарды атқару қорытындысы, ата-ана мен оқушылардың шағымдарын қарау.

Мектеп асханасының жұмысын тексеру барысында ыстық тамақтың сапасы белгіленген нормаға сәйкес орындалып жатқанын анықтадық. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан, толық емес отбасындағы, көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар жалпыға бірдей білім беру қоры есебінен тегін және жеңілдетілген ыстық тамақпен қамтылған. Жалпы қамтылған оқушылар саны – 154. Бұл оқушылар күнделікті белгіленген уақытта тамақтанып жүр.

Комиссия мүшелері асхана жұмысын тексере отырып, мына төмендегі жұмыстарды тексеріп, бақылады. Тексіріс асхана залының жалпы тазалығын және оқушылардың қол жуатын орнынан басталды. Асхананың іші таза. Сонымен қатар, асхананың ішкі бөлігі саналатын көкөніс сақтау, ет-сүт өнімдерін, су, ұн сақтайтын бөлмелер мен тоңазытқыштар түгелдей тексерілді. Аталған азық-түлік өнімдері талапқа сай, сертификаттары бар екендігі анықталды. Асхананың тамақ жасауға арналған плиталар мен ыдыстардың және ыдыс жууға арналған арнайы бөлменің де тазалағы тексерілді.

Асхана қызметкерлерінің жеке медициналық кітапшалары бар. Тамақ жасауға пайдаланатын заттарды алып келетін фирмалармен жасалған келісімшарттардың бар екендігі де тексерілді.

Мектеп асханасында ата-аналар, ұстаздар, оқушылардың шағымы мен ұсыныстары үшін арыз-шағым дәптері және офлайн арыз-шағымды қабылдауда қойылған. Дегенмен, ешқандай арыз-шағым түскен жоқ. Ата-анамен сынып жетекшілер арқылы байланысып, ата-аналардың мектеп асханасындағы ыстық тамақ туралы кері байланыс алып отырмыз. Әзірге, баға-жақсы, дәмділігі ұнайтыны айтылып отырады.

2. Әлеуметтік педагог Мүлікова И.Р. Тегін ыстық тамақпен тамақтанатын оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы Қаңтар айында оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту үшін ата-аналардан қосымша 5-10 сынып арасында оқитындардан өтініш жиналды. Ол үшін мектеп сайтында, әлеуметтік бойынша тізімге тіркелді.

Қаңтар айында мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі қайталан бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қаңтар айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 184-ті құрады. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 154 болса, 5-9-10 сынып оқушыларының саны 30 құрайды.

Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормалары сақталған. Оқушылардың асханада ыстық тамаққа баруы көрсетілген уақытта ұйымдастырылып тамақтанады. Мысалы:

I ауысым

1-4 сынып оқушылар үшін – 09:25

8-9-10 сынып оқушылары үшін – 11:00

II ауысым

1-4 сынып оқушылары үшін – 15:25

5-10 сынып оқушылары үшін – 16:15.

Оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп мейірбекесі бақылап, тексеріп отырады. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі.

Мектеп директоры: Кожаметова Г.Б.

Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары: Изтаева С.М.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Изтаева С.М.

Қамқоршылық кеңес мүшесі: Мунбаев С.

Әлеуметтік педагог, мүше: Мүлікова И.Р.

Аккалиева Г.Е.

Кәсіподақ төрайымы, мүше: Мухтарова Ж.З.

Медбике: Сембиева А.